

**«Qazcontent» АҚ-ның
АҚШ бойынша тауарларды,
жұмыстарды, көрсетілетін
қызметтерді сатып алу
қағидаларының
6 ҚОСЫМШАСЫ**

Әлеуетті жеткізушілерге қойылатын біліктілік талаптары – жеке тұлғалар

№ п/п	Талаптар	Растайтын құжаттар
1	Азаматтық құқықтық әрекет қабілеттілігі болуы	Жеке басын куәландыратын құжат (көшірмесі және түпнұсқасы – растау үшін), психоневрологиялық диспансерден анықтама, наркологиялық диспансерден анықтама, соттылығы жоқ екені туралы анықтама (электрондық нұсқа)
2	Жоғары және/немесе арнаулы орта білімі болуы	Жоғары және/немесе арнаулы орта білімі туралы диплом (көшірмесі және түпнұсқасы – растау үшін)
3	Қажетті біліктілік мамандығы бойынша кемінде 1 (бір) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы.	Еңбек кітапшасы, еңбек шарттары, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар (АҚС шарттары), «B, D, D1» санатындағы жүргізуші куәлігі (растау үшін көшірмесі және түпнұсқасы).
4	Қоғамның мәліметтері бойынша адал емес жеткізушілер тізілімінде болмауы	Қоғамның адал емес жеткізушілер тізілімі бойынша мәліметтер

* Жоғары және/немесе арнаулы орта оқу орындарының түлектері – еңбек өтілі жоқ жеке тұлғалар, бірақ Қоғамда кемінде 3 (үш) ай тағылымдамадан өткен және тағылымдама кураторы болып табылатын бас редактордың немесе құрылымдық бөлімше басшысының оң ұсынымына ие болған жағдайда, осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен әлеуетті жеткізушілер тізіліміне енгізу үшін өтінім беруге құқылы. Өтінімге тағылымдама кураторы – Қоғамның бас редакторы немесе құрылымдық бөлімше басшысы берген мінездеме міндетті түрде қоса беріледі. Өтінімді қарау барысында кемінде 1 (бір) жыл жұмыс өтіліне қойылатын талап қолданылмайды.